

Досова А.,¹ Испандиярова А.²

^{1,2} А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті,
Қостанай Қазақстан

«БАЛА» КОНЦЕПТИСІНІҢ ТІЛДЕГІ КӨРІНІСІ

Аңдатпа

Ғылымның дамуы жаңаша зерттеулерді талап етеді. Осы жаңаға деген ізденіс қазақ тіл білімінде когнитивтік лингвистиканың негізгі категориясы концепті зерттеуге, оны нақты дәлелдер негізінде көрсетуге бағытталған еңбектердің көбейіп келе жатқаны анық. Дегенмен халқымыздың дүниені танып-білудегі біліміне сәйкес Қазақ мәдениетіндегі «бала» концептісін тіл байлығы арқылы көрсету, жаңа бағытта егжей-тегжейлі зерттеу міндеті толық орындалмаған десек те болады. Осыған байланысты ұлтымыздың болмысына, дүниетанымына, рухани-мәдени құндылықтарына сәйкес баланың қоғамдағы, жанұядағы әлеуметтік маңыздылығымен сабақтас анықтау проблемасын халқымыздың танымдық ой-қорында тіл арқылы жылдар мен ғасырлар бойы жинақталған бала концептісі арқылы дәлелді зерттеудің мәні ерекше. Мақалада қазақ ұлтының дүниетанымындағы «бала» семантикалық кеңістігінің мәні ашылып, қазақ жазушысы Т.Ахтановтың көркем шығармасына концептологиялық талдау жүргізілген. «Бала» семантикалық кеңістігін зерттеудің теориялық базасы мен әдістері айқындалған.

Түйін сөздер: «бала» концептісі, лингвистика, лингвотаным, фразеология, ұғым, дүниетаным

Dossova A.,¹ Ispandiyarova A.²

^{1,2} A. Baitursynov Kostanay State University,
Kostanay, Kazakhstan

THE LINGUISTIC ASPECT OF THE CONCEPT OF «CHILD»

Abstract

The development of science requires new research. Obviously, the search for this innovation is growing in the Kazakh language, the main category of cognitive linguistics is the study of the concept, the presentation of which is based on specific facts. However, in accordance with the knowledge of our people about the world, we can say that the concept of "child" in the Kazakh culture through the wealth of the country, a detailed study of the new direction was not fully implemented. In this regard, it is important to study the problem of determining the social significance of the child in society, in the family in accordance with the nature, worldview, spiritual and cultural values of our nation through the concept of the child, accumulated over the centuries. The article reveals the essence of the semantic space "child" in the worldview of the Kazakh nation, a conceptual analysis of the works of the Kazakh writer T. Akhtanov is carried out. The theoretical foundations and methods of studying the semantic space of the "child" are determined.

Keywords: the concept of «child», linguistics, linguoculturology, phraseology, concepts, worldview

Досова А.,¹ Испандиярова А.²

^{1,2} Костанайский государственный университет имени А. Байтұрсынова,
Костанай, Казахстан

ЯЗЫКОВОЙ АСПЕКТ КОНЦЕПТА «РЕБЕНОК»

Аннотация

Развитие науки требует новых исследований. Очевидно, что поиск этого нововведения растет в казахском языке. Основной категорией когнитивной лингвистики является изучение концепции,

представление которой основано на конкретных фактах. Однако, в соответствии со знаниями нашего народа о мире можно сказать, что понятие «ребенок» в казахской культуре через богатство страны, детальное изучение нового направления не было полностью реализовано. В связи с этим важно изучить проблему определения социальной значимости ребенка в обществе, в семье в соответствии с природой, мировоззрением, духовными и культурными ценностями нашей нации через концепцию ребенка, накопленную за века. В статье раскрывается сущность смыслового пространства «ребенок» в мировоззрении казахской нации, проводится концептуальный анализ произведений казахского писателя Т.Ахтанова. Определены теоретические основы и методы изучения семантического пространства «ребенка».

Ключевые слова: концепт «ребенок», лингвистика, лингвокультурология, фразеология, концепт, мировоззрение

Кіріспе. Бұл мақала тақырыбының өзектілігі халқымыздың танымдық ой-қорында тіл арқылы жылдар мен ғасырлар бойы жинақталған бала ұғымын ұлтымыздың болмысына, дүниетанымына, рухани-мәдени құндылықтарына сәйкес қарастыру және қазіргі қазақ қоғамындағы «бала» концептісінің даму динамикасын, жаңару үрдісін анықтау болып табылады.

Қазақ тіліндегі «бала» концептілерін репрезентациялау құралдарын лексикалық және фразеологиялық бірліктер; мақал-мәтелдер; мәтіндік бірліктер құрайды.

Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі «бала» семантикалық кеңістігінің көлемін көрсету, «бала» семантикалық кеңістігіне кіретін бірліктерге талдау жүргізу, «бала» концептінің мазмұнын қалыптастырудағы ролін белгілеу, концептіні сипаттау кезінде лингвомәдениеттану тұрғысынан зерттеу қазақ дүниетанымындағы «бала» ұғымының тілдік суретін анықтайды.

Өз тіліміздегі «бала» концептісіне қатысты атауларды, тілдік бірліктерді, ұлттық санамызда қалыптасқан түсініктерді, қазіргі көркем мәтіндердегі «бала» концептісін дәлелдейтін материалдарды зерттеу ұлтымыздың балаға деген көзқарасын, дүниетанымын тануға, ұлттық мәдениетіміздегі бала концептісінің алар орнын айқындауға мүмкіндік береді.

Әдістеме. Теориялық – әдіснамалық негізі болып концептілерді сипаттаудың теориялық және әдіснамалық базасын қалыптастырушы Ю.С.Степановтың [1], Н.Д.Арутюнованың [2] идеялары болып табылады және қазақ ғалымдары Ә.Қайдар [3], Н.Уәли [4], Ж.Манкеева [5], Г.Смағұлова [6], Қ.Жаманбаева [7] т.б. жаңашыл зерттеулеріне сүйеніп отырмыз.

Зерттеу әдістері: бақылау, талдау, аналогия, салыстыру, жалпығылыми талдау.

Нәтижелері. Жер бетіндегі ең жоғары сананың иесі – адам. Адам жер бетінде жаратылған күннен бастап тынымсыз даму үстінде. Оның бірден-бір дамуының үлкен жемісі – тілі. Адамзат әлемде көптеген тілді жарата отырып, өзінің өткені мен бүгінін есте сақтап, өзіндік ізін жалғауда. Тіл – белгілі бір нәсілдің, я елдің, я ұлттың өзіндік ерекшелігін, өмірлік түсінігін, тарихын, мәдениеті мен тұрмысын, тіпті оның өз болмысын танытатын, оны сақтап қалатын, өзінен кейінгілерге табыстайтын ұлы қазынасы. Сондықтан тілді зерттеу қай кезеңде де өзекті болды, ал адамның тілді зерттеудегі қызығушылығы, оның өзін танып білуге деген мүмкіндіктерін аша түсті. Қазіргі таңда осы танып-білуге деген ұмтылыс «адамның тілі» немесе «тілдегі адам» мәселелерін қарастыруға бет алды. Адамның тілге, тілдің адамға өзара ықпал етуінен туындаған салалар тілді когнитивті лингвистикада қарастыруда.

Адамды зерттеу проблемасын лингвистикада қарастыруға болады, оның негізгі ережелері біздің ойымызша, Н.Д.Арутюнованың «Логический анализ языка. Образ человека в культуре и языке» (Тілдің логикалық талдауы. Мәдениет пен тілдегі адам бейнесі) атты ғылыми мақалалар жинағының кіріспесінде: «Адам феноменін тануға деген жолды гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдары, өнер және тіл салады. Егер құдай адамды жаратса, онда адам өзінің ең ұлы туындысы – тілді жасап алды. Егер құдай өзінің бейнесін адамға түсірсе, онда адам өз бейнесін тілге түсірді. Ол өзі жайында білгенін және басқаларға хабарлағысы келгеннің бәрін тілде көрсетті. Адам өзінің физикалық келбетін, ішкі жан-дүниесін, эмоцияларын және ой – өрісін, өзінің заттық және беймәлім әлемге, жердегі және ғарыштағы табиғатқа деген қарым-қатынасын, өзінің іс-қимылдарына, адамдардың ұжымына және басқа адамға деген көзқарасын тілге түсіре алды. Ол тілге өзінің ойының бастамасын және шығармашылыққа қабілетін берді. Адам өзін табиғи объектілердің есімдерімен бейнелеп, оларға утилитарлық және эстетикалық баға берді. Тіпті, әрбір сөзде адамның іздерін табуға болады» [2, 4 б.] – деп, баяндалады.

Адам өзінің бар болмысын ұрпақтан-ұрпаққа тіл арқылы жеткізіп отырады. Ұрпақ – жеткізуші объект болса, тіл – жеткізуші құрал. Адам өмірінде ұрпақтың, яғни баланың және тілдің алатын орны ерекше. Соның ішінде, қазақ халқы үшін бала мен тіл басты назарда. Қазақ шешендік өнерді қасиет тұтқан. Ата-бабаларымыз бір сөзбен-ақ бар дауды шешіп, сөзге тоқтаған. Ал бала тәрбиесі жар таңдаудан да әріде жатыр. Яғни, ұлтымыз балаға көп көңіл бөлген. Себебі жоғарыда айтылғандай ұрпақ – тілде көрініс тапқан бар білімді, мәдениет пен тарихты, салт-дәстүрді, ұлттық құндылықты сақтаушы. Мақаламызды осы тақырып аясында алу себебіміз, «бала» концептісін зерттеу ауқымы кең, бір концептіден екінші концептінің туындауына әсер етуші. «Бала» сөзін жай ғана қарастыра отырғанның өзінде, «ұрпақ, ата-ана, отбасы, өмір мәні т.б.» сияқты ассоциациялар, адам өмірінің маңызды бөліктері шыға түседі. Ал ұлтымыздың сана-сезімінде балаға қатысты берер ақпараты өте көп. Оны зерттеп, таңу үшін когнитивті лингвистиканың «концепт» ұғымына жүгінеміз.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «бала» сөзі:

Бала I 1. Сәби, нәресте, бөбек.

2. Ата-ананың перзенті, ұрпақ, тұқым.

3. Жан-жануардың күшігі, балапаны.

4. Ауысп. Ержетіп, ысылмаған, балғын, жас.

Бала II тең көру, бірдей санау, жақсылыққа балау.

Бала басты – көпбалалы. *Бала көкірек* – баланың кіршіксіз пәк ойы. *Бала көтерді* – екіқабат болды. *Бала мінезді* – аңқау, аңғырт. *Бала өркеш* – айыр түйелердің әбден семіргендегі тікірейген өркеші. *Бала сүйді* – балалы болды [8,103 б.].

Фразеологизмдер қатарында *бала* сөзі жалпылама көптеген адамдар атауымен үйлеседі, белгілі бір бірлестікпен адамның тығыз байланысты мәнін білдіреді: *адам баласы, Алаштың баласы, қазақ баласы, әйел баласы, мұсылман баласы*.

Бала ұғымы әдет-ғұрыпқа байланысты этнографиялық сипаттағы фразеологизмдер арқылы ашылады.

баланын алымы – әлі сөйлеп үйренбеген балаға ең алғаш біреудің үйіне келгенде сый-құрмет көрсету әдет-ғұрпы. Бұл әдет-ғұрып біздің уақытта да бар;

қара домалақ бала – тіл-көзден сақтау мақсатында айтылатын байырғы әдет-ғұрып;

бала тышты – баланы бесікке бірінші рет бөлеу үрдісінде жасалатын әдет-ғұрып. Бесіктің шүмегіне өткізу *бала тышты* сөзі арқылы тәттілерді себеді, содан кейін басқа балаларға тарататын ғұрып. Бұл имитативті магия түрінің бір бөлігі сияқты, себебі баланың асқазаны дұрыс жұмыс істеуіне әсер етеді.

Әдетте, *бала* концептісіне байланысты қандай да бір мәдениеттің өмірлік жағдайын келтіру, көптеген мәселелерін шешу мақал – мәтелдерден көрініс табады. Мысалы, *Бала-артта қалған із, Бақыт – ұзатылған қыз*. Бұл паремияда *бала* сөзі «ұл» дегенді білдіреді. «Әр адамға оның ұлы, өзі өсірген, тәрбиелеген, аяққа тұрғызған, бұл да оның ізі. Қызының арқасында ол туған-туысқандарының шеңберін кеңейтті (Құда, күйеу, жиендер), ол құрметке бөленген, сыйлы адам» [3, 232 б.].

Талқылау. Т.Ахтанов романдарындағы ең ірі концептілік жүйе құрай алатын концепт – бала концепциясы. Ол эпитет, теңеу сияқты көріктеу құралдары арқылы, сондай-ақ еркін сөз тіркестері мен тұрақты тіркестер арқылы көрініс тапқан. Мысалы,

Теңеулер: «*балаша* жайнаңдап маз болу»; «дұшпанымен қанжоса болып төбелесіп жатқан үлкен палуанның артында бұғып тұрған *бала сияқты* сезіну»; «*баладай* күту»; «жапанда жалғыз қалған қорғансыз мүсәпір *бала сияқты*»; «*балаша* қапсыра құшақтау»; «оттан құтқарып алған *баладай*», «*балаша* маз қылды», «баланың үлкенге айтқан сөзіндей», «әкесінің қолынан бұлқынып шыға алмаған *жас баладай*», «базардан шешесі қайтқан *баладай*», «ағасының мойнына асылған *баладай*», «шешесінің етегіне тығылған *жас баладай*», «қолына өткір пышақ ұстаған есалаң *бала тұрғандай*», «бейне өлік жатқан бөлмеде *ойнап жүрген баладай*» «намазға жығылған үлкендердің қасындағы *баладай*», «кенет бір нәрсені бүлдіріп алған *баладай*»; «*баланы мүсіркегендей*»; «төбелеске құныққан *баладай*»; «ең жақын адамына арқа сүйейтін *баланың көзқарасы*».

Мақалдар: Бала адамның бауыр еті;

Кісі баласы кекшіл;

Жетім бала кекшіл;

Бала көңілі намысшыл;

Сәбиді хайуан да аяйды

Балалықтандық жатпаст.б.

Тұрақты тіркестер: жас иіс; сәби көкірек; жастық шақ; шекесі торсықтай ұл; балалық шақ; баламен бала болу; бір перзенттің зары; уылжыған нәресте т.б.

Сөздер: нәресте, перзент, балалық, сәби;

Сөз тіркестері: балалықпен қоштасу; балалық мекен; балалық шақтың тәтті елестері; жазығы жоқ балалық ұғым; бала кездегі күнәсіз қиял т.б.

Қанатты сөздер: «Бала кезінде кісі қиялышыл болады»;

«Жазығы жоқ балалық ұғым кейде арылмас өкінішке де ұрындырады» т.б.

«Бала деген сезімтал зой, кейде үлкенді алдап кететін жерден баланы алдай алмайсың» [9,41 б.]. «Бала қасіреті тез ұмыт болады» [9,78 б.].

Бала концептісін мәтін деңгейінде қарастырап болсақ, ол әңгімелеу, сондай-ақ ойталқы формаларында беріліп отырады. Мысалы, әңгімелеу:

«О, гажап, осы аласапыранның арасында балалар ойнап жүр...балалар уайым-қайғыны ұмытқан: күліп, айғайлап, жұрт сапырылысқан перронда асыр салады, буып-түйіп қойған жүктің үстіне шығып, төмен қарай секіреді, жұрттың осы дүрліге көшуінің өзі оларға қызық думан сияқты. Томпаң-томпаң етіп, қызықтары басылар емес» [9,52 б.]. Жоғарыдағы мәтіндегі «аласапыранның арасында балалар ойнап жүр» деген тіркесте автордың бала туралы негізгі ойы берілген. Бұл «баланың аты бала, соғыста да, қандай қиын жағдайда да бала балалығын жасайды» деген тұжырымдамаға саяды.

Мына ойталқыда қазақ халқының бала туралы ұлттық дүниетанымы көрініс тапқан: «Қазақ баланы «періште» дейді, баланың аузынан жақсы сөз шықса, оны аузына «құдай салды» деп қуанады, сәбидің тілегі қабыл болатынына ешкім шек келтірмейді. Менің өзім орта білім алсам да қазақша тәрбиелендім, құдайға сенбесем де, қазақтың көп ырымына сенемін, әсіресе бала туралы айтылғандарына күмәнім жоқ. Мына ойнап жүрген балаларға қарап бойыма бір бейбіт тыныштық тарап келеді; осылардың мына алаңсыз бейқамдығын, сәби қуанышын бұзуга...» [9,53 б.]. Баланы періште деп санаған ұлттық дүниетаным әңгімелеу формасында да берілген. Мысалы, диалогта: «— Анаңа жақсы тілек тіледің бе, қалқам? Сен періштесің зой. Сенің тілегің қабыл болады, - деді менің маңдайымнан иіскеп» [9,46 б.].

Жазушы романдарында ата-ананың балаға деген махаббаты нанымды баяндалған. Мысалы, көптен перзент көрмей, араға уақыт салып туылған ұлына Көжектің елжіреуі төмендегі мәтінде айқын берілген:

«Көжектің алақтап баласына қарай бергенін сезіп ескерімді қария оған рұқсат етті.

— Шырағым, ана жұбайың келіп тұр. Балаңды алып келді. Нәресте зой, бетінен сүйі, - деді аз күйбеңдеп теріс айнала беріп.

Қария сөзінің аузынан шығуы-ақ мұң екен, Көжек әйелінің қолындағы баласын құшақтай алды. Інісінің асығыстығы ерсілеу бола ма деген Бейсен баласын сүйіп жатқан Көжек пен қарияға кезек қарап:

— Бала дегенді қойсайшы бұл, адамның бауыр еті зой. Қайран, артындағы тұяғы емес пе? — деді елжіреп» [10,50 б.].

Ал мына мәтінде Көжектің баласын қаншалықты дәрежеде жақсы көруі баяндалады: «Баланы анасынан артық Көжек бақты. Бос уақытындағы бар ермегі сол болды. Бала ұйықтап жатқанда да бесігін ашып мейірлене қарап: «Ө-өй, әйналайын, жатысын қарашы маңқиып, өзімнен ауматты» деп баланың маңайынан кете алмайтын. Бір-екі күн түзде болып қайтса, екі-үш ай көрмегендей баласын қолынан түсірмейтін. Әскерге алынған екі-үш айдың ішінде Көжектің Еркінін қаншалықты сағынғаны белгілі болар.

Көжектің баласымен қоштасу сәті: Уылжыған нәрестені қаниша сүйсе де Көжектің мауқы басылмады. Тосырқап қалған бала алғашқыда аздап жатырқаса да үйрене келе әкесін таныды. Кіп-кішкентай саусағымен жағын сипалап, мұртынан тартқан кезде Көжектің іші-бауыры елжіреп кетіп, бұрынғыдан да құшырлана сүйді. Монтиганөндіредей қара баланың том-томпақ үлбіреген беті бетіне тигенде Көжек оны ынтыға қысып, ұзақ уақыт тұрып қалды. Нәрестенің жас иісін қолқасына сіңіре жұтады. Көжектің көзінен бір-екі тамшы жас үзіліп түсті. Балқия баланы алайын деп қолын созғанда Еркінді ұсына берді де, қайта тартып алып көкірегіне қысып өксіп-өксіп, ақыры солқылдап жылап қоя берді» [10, 54 б.].

Жоғарыдағы мәтінде ата-ананың балаға махаббаты «мауқы басылмау», «іші-бауыры елжіреу», «құшырлана сүйу», «ынтыға қысу», «нәрестенің жас иісін қолқасына сіңіре жұту», «көкірегіне қысып, өксіп-өксіп, ақыры жылап қоя берді» тіркестерімен ашылып берілген.

Т.Ахтанов шығармаларында «бала» концептісімен байланысты балапан сөзімен келген теңеулер жиі кездеседі. Олар негізінен -дай, -дей жұрнағы жалғану арқылы жасалған. Мысалы: **үріккен балапандай; азынаған күзгі далада үрпиген балапандай елегізіп отыру; үрпиген балапандай, балапандай қалтырау, қаздың балапанындай шұбырту, балапандай үрпю; балапандай шырылдау, қара жауынның астында қалған панасыз балапандай т.б.** Жазушы романдарында концепт тұрғысынан ең негізгісі бала концептісі десек, бұл концепт балапан яғни құстың баласы деген ұғыммен біте қайнасып екі жақты концептуалды жүйе құрайды. Ол – бала және балапан. Екеуі де нәресте, сәби, өмірге жаңа келген жан иесі, өмір жалғасы деген ұғымдардан туындаған.

Т.Ахтанов шығармаларында «бала» концептісінің концептуалды жүйе құрау мүмкіндігі өте үлкен. Ол бір жағынан сөз қолданыстарынан көрінсе, екінші жағынан тақырып өзегінен де айқын байқалады. Мысалы, «Шырағың сөнбесін» романының тақырыптық өзегі – осы бала ұғымы. Автордың шырақ деп отырғаны бала, ұрпақ деген сөздердің орнында алынған. Яғни ұрпағың қалсын, атың өшпесін дегенді білдіреді. Бұл тақырыптық желі романның бірнеше жерінде шығарманың басты кейіпкері-баяндаушы Нәзира мен оның Қамқа әжесінің арасындағы әңгімеде көрініс беріп отырады. Мысалы,

«– Анаңа жақсы тілек тіледің бе, қалқам? **Сен періштесің зой.Сенің тілегің қабыл болады, - деді менің маңдайымнан сипап.**

Содан соң майға батырған пілтені тұтатып қабірдің басына қойды да:

– **Артыңда қалған шырағың сөнбесін, жарқыным, - деді.**

Қамқа әжем ұсақ-түйек күйбеңді білмейтін адам, көбіне ірі сөйлейді, мына сөзі де маған аруақты естіліп, төбе құйқам шымырлап кетті. Қараңғы түнде ауылға қайтып келе жатып артыма қайрылып қарай бергенім де сол. Қамқа әжеме қанша сенсем де көңілімде бір күдігім бар: **әжем «шырағың сөнбесін» деп еді, біз тұтатып кеткен ана шырақ, майы таусылып, қазір-ақ сөніп қалмай ма? Ақыры шыдай алмай осы күдігімді сұрадым.**

– Әй, балам-ай, әлі баласың зой, - деп әжем басын шайқады. – **Сенің зой оның шырағы. Сенің тілеуіңді тілеп кеткен жоқ па, бейшара.**

Қамқа әжемнің осы сөзі менің сәби көңіліме өшпестей әсер етті. Сонау қараңғыда жылтыраған кішкентай шырақ... Сол шырақ менің сәбикөкірегімде жылтырап жанып тұрғанын ап-анық көзіммен көргендей болдым...

Тағы да бүйірім солқылдайды. Қимылдап жатыр. Жаңа ғана тұла бойымды тітіркенткен үрейден кейін... өн бойыма жайлы, рахат жылу тарап келеді. Мына қараңғы түнде, қара көлеңке бөлмеде **тағы да бір әлсіз шырақ тұтанып, жылтырап жанып келеді»**[9,46 б.].

Жоғарыдағы мәтінде бір жағынан «баланы періштеге санап, тілегені қабыл болады» деп сенген қазақы ұлттық дүниетаным көрініс берсе, екінші жағынан Қамқа әженің «**Артыңда қалған шырағың сөнбесін, жарқыным**» деген сөзінің мәнісін аңғармай «**біз тұтатып кеткен ана шырақ, майы таусылып, қазір-ақ сөніп қалмай ма?**» деген сұрағына «**Сенің зой оның шырағы**» деуі «шырақ» сөзінің, жалпы романның тақырыптық желісін аңғартқандай. «Шырақ» сөзінің мәнісін автор кейіпкер тілі арқылы айқындап береді де, осы эпизодтан кейін романның бірнеше жерінде бала сөзін шырақ сөзімен байланысты алып отырады. Бұл бала қылығын, бала мен ересектердің арақатынасын т.б. балаға қатысты әңгімелеуде қайталанатын. Мысалы, Нәзираның ұлы – Дулат пен партизандардың арасындағы қарым-қатынасты баяндауда «шырақ» сөзі «бала» сөзінің орнында қолданылған:

«**Кішкентай Дулатжан ата-анасына ғана емес, бел шешпей түзде жортып от басы ошағының жылуын аңсап жүрген еркектерге де жақсы ермек болып алды. Өтіп бара жатқан біреуі қайрылмай, оны еркелетпей кетпейді, кішкене сәбиді көргенде партизандардың түзде тотыққан суық жүздері жылып қоя береді. Ылғи кісі өлтіріп, өздері де сағат сайын ажал тосып, ыстық пен суыққа, жақсылық пен жамандыққа қатып алған сұсты еркектердің сауыстанып кеткен жүректеріне, кішкентай қорғансыз сәби бір тамшы жылу тамызып шым еткізеді. Байқаймын, сын сағаттарда қанша ауыртпалық - әлегі болса да, мына қарғыс атқыр, мұздай суық, сұрқай өмірдің ортасында жылтыраған кішкентай нәзік шырақ... бәрінің көзін тартып көкіректерінде мейірім отын тұтататын сияқты»**[9, 349 б.].

Жоғарыда «шырақ» сөзі перифраз түрінде берілген. Автор баланы жылтыраған кішкентай нәзік шырақ деп атайды. Мәтінде солдаттардың тотыққан сұлу жүздерін жылытқан, ыстық пен суыққа, жақсылық пен жамандыққа қатып алған сұсты еркектердің сауыстанып кеткен жүздеріне жылу тамызған, көкіректеріне мейірім отын тұтатқан сәби құдіреті нанымды берілген.

«Шырағың сөнбесін» романында бала өлімі «шырақ өшу» тіркесімен ауыстырылып қолданылған. Мысалы, *«Қанша ойламайын десем де кішкентай әниі Парашка, ебін тауып маған бір соқпай кетпейді. Сонау жарқабақтың басына шыққанға дейін бұл дүниеде ажал барын білмеген ақ періште, оның адам баласынан жауы болмайтын. Сәбидің өзі көрген адам атаулы, ең аяғы үйіне түскен неміс солдаттары да оның әні мен мінезін қызықтап, әлпештеп, еркелетуді ғана білетін. Мылтық кезеген бір сәтте ғана шошынып сәбидің аппақ ақылы жамандық дегеннің не екенін түсіне алмай кетті. «Ой, мама, больно...» оқ тигенде барып тән ауырғанын сезді. Мынау ызғар тепкен қатал дүниеде жылтыраған бір шырақ өшті»*[4,354 б.].

Жоғарыдағы мәтінде Парашка есімді жеті жасар орыс қызының жарқабақтың басындағы немістердің жаппай ату әрекетінің үстіндегі оқ тигенге дейін ажал, өлім дегенді білмеген балалық пәк көңілі көрініс тапқан. Автор мұны «сәбидің аппақ ақылы жамандық дегеннің не екенін түсіне алмай кетті» деп көрсетіп, баланы «ақ періште» деп атайды. Ал соңғы сөйлемде баланың өлімін «жылтыраған бір шырақ өшті» тіркесімен беріп, шығарманың тақырыптық желісімен «шырақ» сөзі арқылы байланыстырады.

Романда бала **шамшыраққа** да теңеледі. Мысалы, *«Парашканың сұрағы таусылмайды, үлкен адамның «білмеймін» деуі оған түсініксіз, үлкен адам бәрін білуге тиісті. Әнін де, тілін де қызықтап кемпір де оған жауап беруден жалықпайды, Парашка келген сайын мәз болып қалады.*

Кемпір ғана емес, тасада жатып мен де мәз болам. Мына жүдеу тартқан сұрқай үйге кеугім тартқан бей уақта жылтыратып шам әкелгендей...Парашка келген сайын жабыққан көңілім бір жадырап қалады» [9,211 б.].

«Шырағың сөнбесін» романының бас кейіпкері Нәзира паналаған Дуния апайдың үйіне келіп-кетіп жүретін Парашка есімді қыз үйіне келіп паналағалы бір езу тартпаған қатал кемпірдің жүрегіне жылу, мейірім шапағатын құяды. «Мейірімі сыртына шықпайтын бітеу кемпірді» жадыратып, жүзіне күлкі жүгірткен бала қылығы автордың «бала тілі – бал», «балалы үй – базар, баласыз үй – мазар» , «бала – бауыр етін» тәрізді мақал-мәтелдердің астарын танытқандай.

Т.Ахтанов «Шырағың сөнбесін» романында тақырыптық желі етіп алған бала концептісін жан-жақты ашып көрсеткен. Соғыс кезін, соғыс ауыртпалығын басынан кешіріп, соғыс үстінде туған балалардың болмыс-бітімін, мінез-құлқын, іс-әрекетін шынайы суреттеген. Автор қызу айқас үстіндегі баласын құшақтап жүріп, қолына қару ұстап, соғысқан қазақ әйелі – Нәзираның іс-әрекетін баяндап отырып, Нәзираның кішкентай баласын «оқ астында өскен» деп атайды. Мысалы, соғыс үстіндегі балалы әйелдің іс-әрекеті былай баяндалады: *«Құлағым масаның ызыңындай әлсіз дауыс келеді, оны елемей, ет қызуымен атыса беріп едім, кенет әлденеге көңлім қобалжып, елең ете қалдым. Енді қаттырақ естілді – жылаған баланың даусы, менің балам. Қызу атыс үстінде, босанғалы тұңғыш рет балам барын ұмытып кетіппін. Қапелімде жауып тұрған оқтан жасқануды ұмытып, жаңағы өзім паналаған томардың түбіне жүгіріп келсем кішкентайым аузын жырты ашып, бақырып жатыр. Өлген адам да, кейде тіріге қорған болады екен, кішкентайымды Сашаның бүйірінің астына тығып қойдым да қайтадан мылтығым жармастым. Жаңа кеудеме қысқанда ана денесінің жылы исін сезіп титімдей көңілі орнықты ма, әлде шаршады ма, сәби де жылауын қойды»* [9, 321 б.].

Енді бір мәтінде автор соғыс үстінде туылған баланың мінез-құлқын ашып көрсетеді: *«Дулат енді жер шұқуды қойып, ескі жәшікпен әуре, жәшіктің бұрышын бекітуге қаққан тілдей қаңылтырдың бір шетінен жұлқылап жұлып алғысы келеді. Қаңылтыр оған көнер емес, бірақ оны елейтін түрі жоқ, барын салып ныс-ныс етіп тартқылайды келіп. Қаңылтыр қолынан шығып кеткенде құлай жаздап шоңқиып отырып қалады да, қайта жармасады. Оқ астында өскенге ме, өзі қайсар-ақ.*

Оқ астында өскен... Әсірелеп айтылған қызыл сөз емес, тура оқтың астында өсті ғой, бұл кебенек. Күнәсіз періште болғанға ма, әйтеуір содан аман келе жатыр. Ендігісін... ендігісіне үміткермін» [3,320 б.]. Автор оқ астында өскен баланың ойын ойнап отырған қылығының өзінен оның қайтпайтын қайсар мінезін аңғартады. Роман соғыста туылған балалар жайлы баяндаумен, оларға баға берумен аяқталады. Мысалы, *«– Сен қайдан келе жатсың? А, айтышы. – Тілі тастай, тақ-тұқ сөйлейді. – Неге үндемейсің? Сөйлей білмейсің бе?*

Дулаттың тілі шығып келе жатыр, аздап сөйлейтіні бар еді, бірақ жауап бермей, қызға бажырая қарап, үнсіз отыр.

Осындай көптің ішінде біреу үшін жауап бергіш, тиіп кетсең, ағытылып жүре беретін сөзшең еркектер болады.

– **Бұл бала майданнан келе жатыр**, - деді сондайдың біреуі.

– **Майданнан?.. Жоқ, кішкентай балалар майданға бармайды**, - деп түсіндірді кішкентай қыз.

– **Неге бармасын, барған**, - деп дауласа кетті сөзің еркек.– **Барған емес, сол майданның ішінде туған.**

– **Жо-оқ, майданда бала тумайды. Майданда соғысады. Жауды атады**, - деп көнетін емес білгіш қыз.

– **Жоқ, бұл соғыстың қақ ортасынан шынығып келе жатқан бала**, - деп түсіндіреді әлгі ерінбейтін еркек. – **Ертең нағыз мықты солдат болатын осылар. Бұлар соғыста да мықтап соғысады»** [3, 413 б.].

Жоғарыдағы мәтінде балаға «майданнан келе жатқан бала», «майданның ішінде туған бала», «соғыстың қақ ортасынан шынығып келе жатқан бала», «ертең нағыз солдат болатын бала», «соғыста мықтап соғысатын бала» тәрізді баға берілген.

Қорытынды.Т.Ахтанов өз шығармаларының негізгі дінгегі, концептілік тұрғыдан ең көп қолданғаны – бала ұғымы. Автор бұл негізгі ұстанымын (бала ұғымын тілге тиек етуі) шығармаларының тақырыптық желісіне де қосқан және оны жан-жақты сипаттаған. Шығарманың өн бойынан автордың балаға, бала ұғымына деген дүниетанымдық көзқарасы айқын байқалып отырады. Жазушы романдарында автордың бала туралы дүниетанымы өте жоғары, баланың періштелік, пәктік, аңғалдық т.б. қасиеттері кеңінен ашылған. Автор басқа жазушылардан ұлттық дүниетанымды бала арқылы беруімен қазақ ұлтының болсын, жалпы басқа ұлттың болсын бала жайын, бала қылығын өзінің соғыс тақырыбына арналған шығармаларында өте ұтымды қолдана алуымен ерекшеленеді.

Балаға байланысты ұлттық мәдени ұғымдардың тілдік көрінісі келесі факторлар негізінде дәлелденді:

1. Қазақ тіліндегі баламен байланысты архетиптік ұғым зерттей келе, қазақ ұлтын басқа ұлттардан ерекшелейтін негізгі мәдени белгі халықтың әдет-ғұрыптары, тыйымдары, нанымдары, салт-дәстүрлері болып табылатыны анықталды. Архетиптік ұғымдар ғасырлар бойы қазақ халқының мәдени тепе-теңдігін сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін құндылықтар қатарына жатады.

2. Абстрактілі маңызы бар символдар, яғни. дәстүрлерге, ырымдарға тән әрекеттер, оны орындайтын субъектінің қандай да бір затқа, оқиғаға қатынасын, түсінігін, көзқарасын көрсетеді.

3. Халықтың өлшем түсінігі арқылы баланың өміріндегі орны, адамның балаға этнопсихологиялық жақындығы, баланың сыртқы келбеті, біреумен ұқсастығы, оның қылықтары және т.б. ұлттық түрмен бағаланып, күнделікті өмірдегі көріністерге, оқиғаларға, құбылыстарға салыстырмалы түрде бейнелі сипатталынып беріледі.Сөздегі бейнелік мән халықтың баланы түсінудегі оған қатысты ұлттық мәдени ерекшеліктерді бейнелейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Степанов Ю.С. *Константы: Словарь русской культуры*. - М.: Академический проект, 2001. - 990 с.

2 Арутюнова Н.Д. *Язык и мир человека*. - М.: Языки русской культуры, 1999.-896

3 Қайдар Ә. *Қазақтаранатіліәлемінде (этнолингвистикалықсөздік)* – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. – Том 1: Адам. – 784 б.

4 Уәли Н. *Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері [Мәтін]: филол. ғыл. докт. ғылыми. дис. автореф: 10.02.02 / Н.Уәли* – Алматы, 2004. – 12 б.

5 Манкеева Ж. А. *Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері*. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 356 б.

6 Смағұлова Г. *Мәтін лингвистикасы*. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 112 б.

7 Жаманбаева Қ. *Тілдік қолданыстың когнитивтік негіздері*. – Алматы: Ғылым, 1998. – 140б.

8 *Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/ Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов*. Алматы: Дайк-пресс, 2008. – 968 б.

9 Ахтанов Т. *Бес томдық шығармалар жинағы. Т.4. Шырағың сөнбесін*.– Алматы: Жазушы, – 416 б.

10 Ахтанов Т. *Бес томдық шығармалар жинағы. Т.1. Роман және әңгімелер*. – Алматы: Жазушы,1983. – 442 б.

References:

1. Stepanov Ju.S. *Konstanty: Slovar' ruskoj kulture*. - M.: Akademicheski projekt, 2001. - 990 s.

2. Arutjunova N.D. *Jazyk i mir cheloveka*. - M.: Jazyki ruskoj kulture, 1999.-896

3. Қайдар А. Қазақтаранатılıәлемінде (etnolingvistikalyқсөздiк) – Алматы: Daik-Pres, 2009. – Том 1: Adam. – 784 б.
4. Уәли N. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негізіндегі [Мәтін]: филол. ғыл. докт. ғылыми. дис. авторлығы: 10.02.02 / N.Уәли – Алматы, 2004. – 12 б.
5. Манкеева J. A. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 356 б.
6. Смағұлова G. Мәтін лингвистикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 112 б.
7. Жаманбаева Q. Тілдік қолдануының когнитивтік негіздері. – Алматы: Ғылым, 1998. – 140б.
8. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/ Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. Алматы: Daik-press, 2008. – 968 б.
9. Ахтанов Т. Бес томдық шығармалар жинағы. Т.4. Шырағын сөнбесін.– Алматы: Жазушы, – 416 б.
10. Ахтанов Т. Бес томдық шығармалар жинағы. Т.1. Роман және әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1983. – 442 б.

МРНТИ 10.01.11

<https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-7804.41>

Тулқинбаев Н.¹

¹ Кафедра организации социальной работы в ОВД Костанайской академии
МВД РК имени Шырақбека Кабылбаева
Костанай, Казахстан

СПЕЦИФИКА ЮРИДИЧЕСКОГО ДИСКУРСА В ПРАКТИКЕ ЮРИСТА ПЕНИТЕНЦИАРНОЙ СИСТЕМЫ

Аннотация

В статье рассматривается роль и значение языковой личности будущего юриста пенитенциарной системы в современном юридическом дискурсе. Показано, что специальный язык носит прежде всего, профессионально ориентированный характер, и его задачами являются осуществление коммуникативных и познавательных потребностей специалистов соответствующего профиля. Известно, что характеристика языковой личности юриста должна рассматриваться в контексте профессиональной среды. В этом отношении считаем необходимым рассмотреть в данной статье, специфические составляющие юридического дискурса, юридического текста и юридической терминологии. В профессиональной деятельности устная речь правоведа проявляется в юридическом дискурсе, поэтому специфика понимания высказывания адресатом в процессе коммуникативной деятельности занимает особое место.

Ключевые слова: юридический дискурс, пенитенциарная система, язык права, профессиональный язык, языковые нормы, специальный язык, речевые действия

Тулқинбаев Н.¹

¹ ҚР ПМ Шырақбек Кабылбаев атындағы Қостанай академиясының
ІБ әлеуметтік жұмысты ұйымдастыру кафедрасы
Қостанай, Қазақстан

ПЕНИТЕНЦИАРЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ЗАҢГЕР ТӘЖІРИБЕСІНДЕГІ ЗАҢ ДИСКУРСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Аңдатпа

Мақалада қазіргі заң дискурсында болашақ пенитенциарлық жүйенің заңгерінің тілдік тұлғасының рөлі мен маңызы қарастырылады. Арнайы тіл, ең алдымен, кәсіби бағытталған сипатқа ие және оның міндеттері тиісті бейіндегі мамандардың коммуникативтік және танымдық қажеттіліктерін жүзеге асыру болып табылатыны көрсетілген. Белгілі, бұл сипаттамасы тілдік тұлға заңгер қарастырылуы тиіс контекстінде кәсіби орта. Бұл тұрғыда осы мақалада заң дискурсының, заң мәтінінің және заң терминологиясының ерекше құрамдас бөліктерін қарау қажет деп санаймыз.